

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым  
министрлігі  
М.Х.Дулатаи атындағы Тараз Мемлекеттік университеті

Орындаған: Қылышбек Жанна  
Қабылдаған: Алтынбекова  
Зағипа

Мәдениеттанушылық  
концепциялар:

□ Освальд Шпенглер

□ Арнольд Джозеф Тойнби

□ Николай Александрович Бердяев



**Освальд Шпенглер**


Освальд Шпенглер  
( 1880-1936)

Немістің идеалист –  
философы  
мәдениет теоретигі,  
тарихшы,  
публицист. Өз заманында  
дүниені дүр сілкіндірген  
“Еуропаның құлдырауы”  
деген  
еңбектің авторы.

Шпенглер концепциясы екі жақты сипатталады. Концепцияны өте қысқа пайымдауға болады:

- ✓ адамзаттың ортақ тарихы жоқ, бірнеше тарихи-мәдени типтер бар. Олардың әрқайсысы өзіндік даму циклына ие және өзінің өмір сүру жаны бар тірі организм секілді тоқтамайды. Бұл тұрғыдан концепция қарапайым келеді.
- ✓ Келесі концепциясы күрделі, мәдени – логикалық прафеномендерді тұжырымдау негізінде құрылған.

# Шпенглер бойынша барлығы сегіз мәдениет барланды:



Аталмыш мәдениеттер тұйықталған. Өз дамуында олар жеке адамның өмірі сипатталатын сатыларды қамтыды, атап айтқанда дүниеге келу, пісіп жетілу, ер жету, гүлдену, солу, өлімге душар болу. Әр мәдениеттің өшу кезеңі оның өркениеті болып табылады және фаустық яғни, батыс еуропалық осы сатыда тұр.





Тойнби Арнолд Джозеф  
(1889-1975)

ағылшын тарихшысы  
әрі әлеуметтанушысы.  
Тойнбидің көптеген  
еңбектерінің ішінде  
ерекше орын алатыны - 12  
томдық "Тарихты зерттеу"  
шығармасы.



О. Шпенглердің ізінше Тойнби әлемдік тарих бірлігінің дәстүрлі тұжырымдарын жоққа шығарады. Ол шағын өркениеттерге салыстырмалы талдау жасайды өмірлік кезеңдерінен ортақтық табады. Ол өркениеттерді 1000 жыл өмір сүретін ағзаға теңейтін Шпенглер теориясын жоққа шығарады.



Тойнбидің пікірінше, христиан өркениеті жойылады, бірақ ол жаңа синкретикалық діннің пайда болуына себепкер болса, эллинизмге ұқсас, тарихи рөл атқарар еді. Кез келген өркениет өз дамуында пайда болу, өсу, жарылу, ыдырау, ақыр соңында басқаға орын беріп, жойылу процестерін басынан кешіреді. Өркениет дамуының қозғаушы күші "шығармашылық азшылық", "өмірлік талпыныстың" иесі, әртүрлі тарихи "айбаттарға" жауап беріп, соңынан "екпінді көпшілікті" бұқараны ілестіреді. Бұл "айбаттар" мен "жауаптардың" ерекшелігі әр өркениеттің өзгешелігін, иерархиясын, әлеуметтік құндылықтарын айқындайды. Бірде кезекті бір әлеуметтік-тарихи мәселені шешуге қабілеті болмай, "шығармашылық элита" өз билігін беделіне сүйеніп емес, күшімен жүргізетін үстемдік етуші азшылыққа айналады; бұқара халық "ішкі пролетариатқа" айналады деп пайымдайды.



**Бердяев Николай  
Александрович**  
(1874-1948)  
орыс философы,  
экзистенциалист.  
Оны философиясының  
негізі - еркіндік

Еркіндікпен бір қатарда шығармашылық, тұлға, рух, Құдай ұғымдары тұрады. Бердяев ұлт пен мәдениет, мәдениеттегі жалпы адамзаттық және ұлттық бастаулар, мәдениет және өркениет, соғыс сияқты" мәселелерді талқылауға көп көңіл бөлді. Орыс рухы туралы пайымдауларында Бердяев орыс рухының пейзажы" орыс жерінің "пейзажына" сәйкес келеді - деді. Сонымен бірге, Бердяев орыс халқына тән бюрократтық орталықтандырылған билікгі жақтау, саяси өмірдегі стихия мен иррационалдылық, ұйымдастыруға әлсіздік сияқты дәлдік белгілерді атап өтті.

"Орыс халқыңда, - деді Бердяев, - кез келген мәдениетке, тұлғалық бастауларға, оның құқықтары мен абыройлығына, барлық құндылықтарға қарсы мистикалық толассыз қарсы әрекет бар . Жалпы орыс мәдениетіне, оның пікірі бойынша амбиваленттік тән. Бердяев орыс халқындағы мейірімділікті, тынымсыз адамгершілікті жоғары бағалады. Сондықтан 1917 жылдан кейін рухани мәдениетті талқаңдау ұзаққа созыла алмады, түбінде мәңгі рухани күш қайтадан құдіретіне енеді, - деді. Басқа да орыс философтары сияқты Бердяев "мәдениет" және өркениет ұғымдарын бір-біріне ажырта қарастырады.

## Қолданылған әдебиеттер:

- Тукенов Ө. «Мәдениеттану негіздері»
- Мырзаханова Ф. “Мәдениеттану”
- Уикипедия – ашық энциклопедиясы



Назарларыңызға  
РАХМЕТ!!!

